

Әлия Тынысқызы Оңғарбаеваның
6D011800 – «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге
арналған диссертациясының
АННОТАЦИЯСЫ

«Қаржыгер студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру кезінде қарым-қатынас жасауға оқытудың клиширленген формулалары»

Бұл жұмыс үш тілді білім беруге деген әлеуметтік тапсырысқа, сонымен қатар таңдап алынған мамандықтың кәсіптік терминологиясын игеру қажеттігіне сәйкес орындалған, ал бұны заманауи ғылыми қарым-қатынас жасаудың қажеттіктері талап етіп отыр.

Орыс тілінің ЖОО-лық курсына орыс емес студенттерге күзіреттіліктерді игертудің **өзектілігіне** маңызды тілдік қызметтердің бірі – кәсіби қарым-қатынас функциясын жандандыру қажеттігі себепші болған. Тәжірибе әр түрлі тілдер өкілдері политілдік аудиторияда тек тілдерін ғана емес, сол сияқты сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлық ережелерін де әлсіз игергендіктен, қатынас жасауда көбіне-көп қиындыққа тап болатындығын көрсетті. Жалпы Қазақстан жоғары мектебінің құрылымында орыс емес студенттердің орыс тілін игеруі ақпарат пен білімді орыс тілінде алу қажеттілігінен туындап отыр. Соңғы жылдары коммуникативтік, тілдік және сөйлесімдік күзіреттілік мәселелері жоғары мектеп оқытушыларының бірқатар зерттеулерінде көтерілді, алайда өздік менеджмент, коммуникативтік-кәсіби және ақпараттық күзіреттілік мәселелері жеткілікті зерттелмеді және «Қаржы», «Экономика» мамандықтары үшін жүйелі түрде әзірленбеді. Тілдік емес ЖОО-ның тілдік пәндер курсына тілдің иесі ретіндегі халықтың мәдениеті туралы мәліметтерді молынан ұсыну қажет деп сенімді түрде айтуға болады. Мәдениеттің барлық салаларында, әсіресе тілде негізі қаланған нормаларды (клише, екіпін, бет қимылы, ымдау) сақтай білу орыс тілін игеруші адамға кез келген әлеуметтік ортада араласу барысында өзін неғұрлым еркін сезінуге көмектеседі, орыс халқының тарихы мен мәдениетін терең түсінуге, мамандықты игеруге, сонымен бір мезгілде қазақ және ағылшын тілдерінің сөйлесім формулаларын қайталауға, тереңдетуге мүмкіндік береді.

Сөйлесімде ойды білдірудің дайын түрлерін кеңінен қолдануға деген үрдіс зерттеушілерде талай рет көрініс тапты. Бұл құбылыс туралы Ш.Балли, А. А. Потебня, Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, М.М. Бахтин, Е.А. Земская, Д.Э. Розенталь, Г.А. Золотова, С.И. Ожегов, В.Г. Костомаров, Г.Я. Солганик, В.Н. Телия, Т.М. Николаева, И.А. Седакова, Т.М. Дридзе, М.А. Кронгауз, Ю.Н. Караулов, Б.М. Гаспаров және т.б. жазды.

Ұсынылған ғылыми әдебиетті игере келе, біз клиширленген формулаларды пайдалану – тілдің тағы бір ерекшелігі деген тұжырымға келдік, оның мәні мынада жатыр: қаржыгердің сөзінде біртұтас ұғым

ретінде алға шығатын экономикалық терминдер кездеседі. Клиширленген формулалар игерілетін барлық тілдер терминдерін қолданудың дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар клиширленген формулалар келесідей бірқатар қызмет атқарады: осы қалыптасқан сөздерді пайдалану ой энергиясын үнемдеуге, әр түрлі құжат түрлерін тез, әрі нақты құра білуге, қарым-қатынасты жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондықтан да олар кәсіби сөйлеуде нейтралды-нормативті құбылыстар болып саналады. Осымен байланысты лингвистер клиширленген формулалар ақпаратты беру жылдамдығына көмектеседі деп есептейді.

Мәдениетаралық коммуникациялар соңғы кездері шет, орыс және ана тілдерін оқытудың жаңа да заманауи әдістерін әзірлеумен айналысатын психологтар, лингвистер мен әдіскерлердің айрықша назарына ілікті: социомәдени аспектіні Б.Х.Хасанов [13], Д.Д.Шайбакова [14] және т.б. сипаттаса, екінші тілді игеру психологиясы И.А. Зимня [15], И.И. Халеева[16] зерттеулерінде, ал Қазақстан Республикасында қостілділіктің қалыптасу мәселесі Т.А.Аяпованың докторлық диссертациясында[17] және т.б. мазмұндалған. Жалпы қостілділіктің әдістемелік аспектісі кәдімгідей үлкен тарихқа ие. Ол Ы.Алтынсарин және оның шәкірттерінен басталады, үстіміздегі дәуірде бұл мәселемен профессор Д.Т.Тұрсынов[18], Қазақстанның белгілі әдіскерлері Г.Ф.Гуревич, Н.Н.Шманова [19], М.Р.Кондубаева, У.А.Жанпейсова, Г.А.Қажығалиева [20] айналысты. Дегенмен осы заманғы ғалым-әдіскерлердің зерттеулерінде үш тілдің дидактикалық, лексикалық-тақырыптық материалын үйлестіру мәселесі осы тілдерді игеруді жеңілдетуге арналған арнайы зерттеулердің мәселесі болған жоқ.

Зерттеу нысаны – прагмо-кәсіби машықтар мен дағдыларды дамыту негізінде кәсіби-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру үдерісі. Қаржы-экономикалық сфера болашақ мамандарының лексикалық-тақырыптық минимумды тығыз байланыстыра отырып игеруі экономикалық бейіндегі ЖОО-ның ұлттық дәрісханасында, орыс тілінің практикалық курсына тек клиширленген формулаларды пайдаланғанда ғана іске асуы мүмкін.

Зерттеу тақырыбы практикалық орыс тілі сабақтарында клиширленген формулалар негізінде экономикалық терминологияны игерту технологиясы мен әдістемесі болып есептеледі.

Зерттеудің негізгі мақсаты – 5B050900 «Қаржы», 5B050800 «Есеп және аудит», 5B050600 «Экономика», 5B051300 «Әлемдік экономика» және т.б. мамандықтар бойынша білім алушы студенттерді қазақ тілі базасында және орыс тілімен өзара байланысты түрде кәсіби орысша сөйлеу қызметіне оқытудың кәсіптік бағытталған әдістемелік жүйесінің ғылыми негіздерін әзірлеу.

Жұмыс гипотезасын тексеру және оған қол жеткізу үшін зерттеуде төмендегідей міндеттер алға қойылған:

- экономикалық-терминологиялық лексиканы игерудің лингвистикалық, психолінгвистикалық, психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;
- қаржыгерлердің кәсіби-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында заманауи инновациялық технологияларды бейімдеу;
- оқу мақсатында неғұрлым коммуникативті де өзекті терминологиялық бірліктердің минимумын таңдап алу;
- тілдік емес ЖОО қазақ бөлімдерінің студенттерін орыс тіліне оқытудың кәсіби бағытталған әдістемелік жүйесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименталдық тұрғыдан тексеруді жүзеге асыру.

Осы зерттеудің **әдіснамалық (методологиялық) негізі** практикалық қызметтегі теориялық білімнің рөлі, тіл менен ойлаудың байланысы және тілдің әлеуметтік қызметі туралы ережелер болып табылады. Жетекші әдіснамалық қағидалар болып тұлғалық орталықтандырылған, коммуникативті-когнитивтік және синергетикалық түрлер саналады. Оларға сәйкес оқу үдерісі түр мен мазмұнның, теория мен практиканың байланысы жүзеге асырылатын жүйе ретінде қарастырылады.

Зерттеу көздері. Отандық және шетелдік дидакттар, психологтар, әдіскерлер мен лингвистердің осы мәселе бойынша ғылыми-әдістемелік және лингвистикалық әдебиеттері, оқулықтар; экономикалық сөздіктер (бір тілді, екі тілді, үш тілді), энциклопедиялық, түсіндірме сөздіктер және шетелдік сөздер сөздіктері; қаржы, есеп, аудит, экономика бойынша оқу құралдары және т.б.

Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері **зерттеудің келесі әдістерін** анықтады:

- тілдік тұлғаны үлгілеу (моделдеу) әдісі;
- клиширленген формулаларды қолдану жолымен үш тіл бойынша дидактикалық материалдар мазмұнын үйлестіру әдісі;
- лингвистикалық (орыс тілінің экономикалық лексикасын лингводидактикалық мақсатта сипаттау);
- социологиялық-педагогикалық (бақылау, студенттермен әңгімелесу, оқу үдерісін қадағалау);
- эксперименталдық (преэксперименталды бақылау (срез), үйретуші эксперимент, постэксперименталды бақылау);
- статистикалық (белгілеуші (констатациялаушы) бақылау мәліметтері мен эксперименталды оқыту нәтижелерін талдау).

Әдіснамалық негіздеуде ізденістің жетекші идеясы оқытудың белсенді әдістерін қолдану жолымен орыс тілі мен мамандық тілін кешенді игеру идеясы болып есептеледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- кәсіби және социомәдени мәтіндердің тақырыптық минимумы таңдап алынды, олардың материалдары кәсіби коммуникацияның ситуативтік және белсенді әдістерін жүзеге асыру үшін пайдаланылды;
- тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінде кәсіби-коммуникативтік қағиданы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін үш тілді терминологиялық минимум (360 сөз) таңдалды және пайдаланылды;
- үш тілді тұлға мен болашақ қаржыгер тұлғасының үлгілері және үш тілге оқыту мазмұнын үйлестіру үлгісі әзір етілді;
- заманауи инновациялық технологиялар, атап айтқанда дистанциялық интернет-технологиялар (ВЕБ-технологиялар), қаржыгер студенттерді кәсіби орыс тіліне оқытудың кәсіби бағытталған интегралды технологиясы зерттеліп отырған тақырыпқа бейімделді және эксперименталды түрде сынақтан өткізілді;
- экономикалық терминдердің лексикалық-синтаксистік бірліктер ретіндегі лингвистикалық ерекшеліктері және білім алушылардың оларды игеруіне қиындық келтіретін факторлар айқындалды.

Зерттеудің теориялық мәнділігі келесілерде жатыр:

- кәсіби бағытталған оқу материалдары базасында заманауи инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерінің жүйелі қолданылуын үлгілеу (моделдеу) идеясы жүзеге асырылды;
- орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі лексикалық жүйенің ерекше қабаты ретінде экономикалық терминологияның лексикалық-семантикалық ерекшеліктері анықталды.
- жоғары білімге ие мамандар дайындаудың осы заманғы компетенттік, ақпараттық іспетті қағидаларымен бірге үйлестікте коммуникативтік-когнитивтік ретінде тілдік білім берудің теориясы мен технологиясын зерттеудің әдіснамасы (методологиясы) айқындалды;
- зерттеу әдістері, ең алдымен ғылыми деректерді жинақтау және оларды сыни тұрғыдан талдау, үлгілеу, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (компьютерлік бағдарламалар, электрондық құралдар мен интернет-ресурстарды) пайдалану жолымен педагогикалық эксперимент жүргізу нақтыланды және жоғары білімге ие экономистер дайындаудың осы заманғы жағдайларына бейімделді;
- білім алушылардың болашақ кәсіби қызметін ескеру жолымен студенттердің сөздік қорын кеңейту бойынша өзіндік тапсырмалар жүйесі негізделді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі клиширленген формулалар негізінде терминологиялық материалды іріктеу мен ұйымдастыруда және оның практикалық сабақтар курсы жүйесіндегі орнын анықтауда, студент-билингвтердің терминологиялық бірліктерді қолданудағы ауытқуларының алдын алудың тиімді тәсілдерін жасауда жатыр. Зерттеудің материалдары мен нәтижелері оқу бағдарламаларын, оқулықтарды жетілдіру мақсатында пайдаланылуы, сонымен қатар оларды тілдік емес ЖОО-да орыс тілінің

практикалық курсы жүргізетін оқытушы-практиктер қолдануы әбден мүмкін.

Жұмыстың апробациясы. Диссертация жоғары білім беру жүйесінде орыс тілін оқыту әдістемесін көптеген жылдар бойы зерттеудің қорытындысы болып саналады. Жұмыс гипотезасын, клиширленген формулалар негізінде экономикалық терминдерді игерудің эксперименталды оқу моделін тексеру НАРХОЗ университетінде тәжірибелік-эксперименталды оқыту түрін өткізу жолымен іске асырылды (2013-2014, 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдары).

Тумаған тіл ретіндегі орыс тілінің лексикасын кәсіби бағыттап оқытудың әзірленген әдістемелік жүйесі бірқатар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда апробациядан өтті, ал зерттеу нәтижелері төмендегідей жарияланымдарда көрініс тапты: Языковая деятельность человека в системе полиязычия. Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы обучения языкам», Алматы, 2014; «Использование личностно-ориентированных технологий как средство формирования языковой личности» // Сборник научных статей «Теоретические и методологические проблемы филологии», посвященный 70-летию известного казахстанского лингвиста Жаналиной Л.К., Алматы, 2014; «Инновационные технологии в методике преподавания русского языка в вузе» в сборнике материалов Республиканской научно-теоретической конференции «Модернизация содержания филологического образования в Республике Казахстан», Алматы, 2014; Когнитивно-коммуникативный подход в современном образовании // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия филологическая. – Алматы, 2015; Роль клишированных формул в профессиональном общении студентов-финансистов // Сборник научных статей VII Международной научно-практической конференции «Теоретические и прикладные аспекты современной науки», Белгород, Агентство перспективных научных исследований (РИНЦ). 2015; Методология и методы исследования в системе трехязычного (филологического) образования в Казахстане // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия филологическая. Алматы, 2015; Социокультурный и коммуникативный подходы обучения русскому языку в условиях трехязычия. Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь» - Алматы. 2016; Learner-centred three language teaching methodology realization in the Republic of Kazakhstan educational system. Journal of Language and Literature, 2015; Transfer features clichéd formulas under trilingualism. Вестник КазНПУ им. Абая, - Алматы, 2016; Peculiarities of modern drama genre and Kazakh dramaturgy. Journal of Language and Literature, 2015; Формирование коммуникативной компетенции студентов в процессе обучения русскому языку. Международная научно-практическая конференция «Коммуникативные компетенции в образовательном процессе» - Красноярск, 2015; О роли клишированных формул оценки в

развитии рефлексивно-коммуникативной субкомпетенции студентов. Cuaderos de Rusistika Espanola, Universidad de Granada. 2015 (Испания).

Оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Русский язык: Учебник для студентов вузов экономического профиля. – Алматы, «Экономика», 2013. 2. Учебник «Русский язык» 6 класс для общеобразовательной школы. – Алматы, 2015. 3. Профессиональный русский язык: учебное пособие для студентов экономических вузов. – Алматы, «Экономика», 2015. 4. Практикалық қазақ тілі: ғылыми стиль. Электронное учебное пособие. Алматы, 2015.

Диссертацияның құрылымы алға қойылған міндеттер және зерттеу логикасымен анықталады, әрі ол кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған көздер (әдебиеттер) тізімінен және қосымшалардан тұрады.